



«Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК басшысының м.а.  
С.Дауешова  
2021 жыл

## «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» Қалалық конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымның барлық педагог қызметкерлері арасында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық конкурсының (бұдан әрі — Конкурс) мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Конкурс Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2021 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсібі туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру, қоғамда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басымдықтары мен беделін арттыру, мектепке дейінгі ұйымдардың шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерін қолдау және ынталандыру.

#### 1.4. Міндеттері:

- мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін, құралдары мен технологияларын анықтау және қолдау;
- мектепке дейінгі білім беру жүйесі педагог қызметкерлерінің шығармашылық бастамаларын дамыту, педагогтерді инновациялық қызметке ынталандыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі педагогтерінің кәсіби шеберлігін және тәрбиеші мамандығының беделін арттыру;
- қалалық мектепке дейінгі ұйымдарының педагог қызметкерлерінің кәсіби тәжірибесінің үздік үлгілерін насихаттау.

### 2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Конкурсты ұйымдастырушылар – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

2.2. Конкурс қалалық кезеңде өткізіледі:

2.3. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін қазылар алқасының құқықтары берілген Конкурстық комиссия құрылады.

2.4. Конкурстық комиссия құрамына ұйымдардың басшылары, жоғары білікті педагогтер, Білім басқармаларының (бөлімдерінің) мамандары, мектепке дейінгі білім беруге жетекшілік ететін орталықтардың әдіскерлері, ата-аналар қауымдастығының өкілдері және т. б. кіреді.

2.5. Конкурстық комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынылған

материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды.

2.6 Конкурс екі кезеңде өткізіледі.

**1-кезең «Шығармашылық презентация»** (3 қосымша) (регламент 3 минут).

Форматы: Конкурса қатысушылардың шығармашылық презентациясының берілген тақырыбының әдістемелік және практикалық негізін ашуы. Шығармашылық презентацияда келесі конкурс тапсырмасында – балалармен өткізілетін педагогикалық іс-шарада көрсетілетін ереже (сұрақ, кезең) міндетті түрде көрсетіледі.

Бағалау критерийлері:

- ұсынылған жұмыстың өзектілігі (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған тәжірибенің жаңалығы (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған жұмысты құрудың қисындылығы (мақ 2 ұпай);
- ұсынылған тақырыпқа мазмұнының сәйкестігі (мақ 2 ұпай);
- материалды беру ерекшелігі (мақ 2 ұпай)
- жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті) (мақ 2 ұпай).

**2- кезең «Балалармен педагогикалық іс – шара өткізу» - бейнеролик** (3-қосымша). Бейнематериал балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруге бағытталуы тиіс. Балалармен өткізілген педагогикалық іс-шара шығармашылық презентацияда ұсынылған Конкурса қатысушының практикалық тәжірибесінен үзінді көрсетеді. Білім беру процесін ұйымдастыру бойынша практикалық тәжірибе балалармен жұмыс жүргізудің түрлі нысандарымен ұсынылуы мүмкін. Конкурса қатысушы іс-шараның білім беру саласын, оны өткізу түрін, балалардың жасын көрсетеді, балалармен педагогикалық іс-шараны өткізу жоспары қоса беріледі, онда мақсаты, негізгі міндеттері жазылады; іс-шара мазмұнының үлгісі; іс-шараның жоспарланған нәтижесі және өзін-өзі талдау (электрондық нұсқа). Жоспар мәтінінің көлемі-А4 2 бетке дейін.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- ажыратымдылығы HD төмен емес (1280x720);
- форматы\*. mp4;
- бейнематериалдың ұзақтығы 3-5 минут.

Бағалау критерийлері:

- әдістемелік құзыреттілік: нысанның, мазмұнның, әдістер мен тәсілдердің балалардың жасына сәйкестігі (мақ 5 ұпай);
- таңдалған мазмұнмен және әрекет түрімен балалар тобын қызықтыра білу (мақ 5 ұпай);
- ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың қызығушылығын сақтай білу (мақ 5 ұпай);
- топтағы балалардың өзара іс-әрекетін/ынтымақтастығын ұйымдастыру (мақ 5 ұпай);
- балалардың іс-әрекеттегі белсенділігі мен бастамасын есепке алу және қолдау (мақ 5 ұпай);
- жалпы мәдениет, қарым-қатынас мәдениеті (мақ 5 ұпай);
- педагогикалық іс-шара мен шығармашылық презентацияның сәйкестігі (мақ 2 ұпай);

- педагогтің шығармашылық қабілеттері (мақ 5 ұпай).

Конкурсқа мектепке дейінгі ұйымдардың педагог қызметкерлері келесі номинацияларда жұмыс өтілі мен жасына шектеу қойылмай қатыса алады:

- «Педагогикалық дебют» - 0-ден 3 жылға дейін;

- «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» - педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес;

- «Мектепке дейінгі ұйым маманы» (педагог-психологтерді қоспағанда) - педагогикалық жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.

Конкурс жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде конкурсқа қатыспайды.

### **3. Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар**

3.1. Өз жұмысын жібере отырып, автор автоматты түрде тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернетте орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге құқығын береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өңдеуге;

- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

### **4. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар**

4.1. Қалалық кезеңге материалдар «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» конкурсының атауымен videosad\_modern @mail.ru электрондық поштасына **2021 жылдың «8» қыркүйек** кешіктірмей жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» қалалық конкурсының қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Гран-при;

- I орын;

- II орын;

- III орын.

5.3. Конкурстың қалалық кезеңінің жеңімпаздары Білім беруді жаңғырту орталығының дипломдарымен алғыс хаттары және сыйлықтармен марапатталады.

5.4. Конкурс қорытындысы конкурсқа ұсынылған жеңімпаздардың материалдары Орталықтың <https://astana-modern.kz/> сайтында жарияланатын болады.

**Анықтама телефоны: 87052138195**

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»  
қалалық байқауға қатысушының ақпараттық картасы**

(фото 4×6 см)	_____
	(тегі)
	_____
	(аты, әкесінің аты)
<b>Алған күні</b>	
<b>1. Жұмыс орны</b>	
Жұмыс орны (Жарғыға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның атауы)	
Атқаратын лауазымы	
Жалпы жұмыс және педагогикалық өтілі (картаны толтыру кезіндегі толық жыл)	
Қазіргі кезде қандай жас топтарында жұмыс істейсіз.	
Біліктілік санаты	
Құрметті атақтары мен марапаттары (атауы және алынған күні)	
Сіз қатысатын номинация	
<b>2. Білімі</b>	
Кәсіптік білім беру ұйымының атауы, бітірген жылы, факультеті	
Диплом бойынша мамандығы, біліктілігі	
Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылда)	
Басылымдар (соңғы үш жылда)	
<b>3. Қоғамдық қызмет</b>	
Әдістемелік бірлестік жұмысына қатысу	

Республикалық, облыстық, халықаралық бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу (қатысу мәртебесін көрсете отырып)	
<b>4. Байланыстар</b>	
Ұялы телефон	
Жеке электрондық пошта	
Интернеттегі МДҰ сайтының мекенжайы	

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

<b>Жариялау үшін фотосуреттер жинағы</b>	
1. Жанрлық фотосурет (балалармен ҰОК, ойындарда, серуенде, балалар мерекелері және т. б. кездерде түсірілген) (3-тен артық емес) 2. Қосымша жанрлық фотосуреттер (5-тен артық емес)	Фотосуреттер бастапқы өлшемді кішірейтпей рұқсат етілген 300 нүкте / дюймді *.jpg форматта электронды түрде ұсынылады,
<b>Қатысушы материалдары</b>	
Қатысушының бұрын жарияланбаған, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағысы келетін авторлық мақалалары мен әзірлемелері	Саны үштен аспайтын электрондық форматта ұсынылады.

**«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі»  
қалалық конкурса дайындық бойынша  
ұсынымдар**

**1. «Шығармашылық презентация»**

Көлемі: 7 слайдтан артық емес.

Мазмұн құрылымы:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларымен өзара ынтымақтастық кезінде қалыптасқан жеке кәсіби педагогикалық тәжірибе;
- қатысушы қолданатын білім беру бағдарламасын (бағдарламаларын) іске асырудың мақсаттары мен міндеттері;
- мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін қолданылатын технологиялардың, жұмыс әдістері мен тәсілдерінің нақты сипаттамасы;
- жеке кәсіби құзыреттілігі мен мүмкіндіктерін, тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын дамытудың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін жетістіктерін талдауы;
- конкурса қатысушының мектепке дейінгі ұйымда заттық-кеңістіктік дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыруға қосқан үлесі.

**2. «Балалармен өткізілетін педагогикалық іс-шара»**

Балалармен өткізілетін педагогикалық іс-шара - кәсіби тәжірибенің үзіндісі, қатысушы шығармашылық презентацияда ұсынған кәсіби құзыреттіліктердің көрсетілімі.

Осы конкурса дайындық кезінде қатысушы ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымдық компоненттерін (жалпы педагогикалық мақсат, дидактикалық міндеттер, мазмұны, тәрбие мен оқытудың әдістері мен құралдары) қандай тәсілмен ұсына алатындығын ойластыру қажет.

Ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізу техникасына қойылатын кейбір талаптар:

- ҰОҚ шығармашылық презентация тақырыбына сәйкес келуі тиіс;
- ҰОҚ қызықты болуы керек, білімге қызығушылық тудыруы және білімге деген қажеттілікті арттыруы керек;
- ҰОҚ қарқыны мен ырғағы оңтайлы болуы керек, педагог пен балалардың іс-әрекеттері аяқталуы тиіс;
- ҰОҚ педагог пен тәрбиеленушілердің өзара әрекетінде толық байланыс қажет, педагогикалық әдептілік пен педагогикалық оптимизм сақталуы тиіс;
- мейірімділік пен белсенді шығармашылық әрекет атмосферасы басым болуы керек;

- мүмкіндігінше балалардың іс-әрекетін өзгерту керек, оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін оңтайлы түрде біріктіру керек;

- педагог әр баланың білім беру қызметіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуі керек.

Әрине, әр қатысушы өз міндеттерін қалай шешуге болатындығын дербес анықтайды және өзі үшін оның қызметінің тұжырымдамалық негізіне сәйкес келетін ұйымдастырудың ең қолайлы әдістерін, тәсілдерін, құралдарын таңдайды. Алайда, ұоқ қойылатын жалпы талаптар бар, оларды орындау керек:

- ғылым мен практиканың жаңа жетістіктерін пайдалану;

- барлық дидактикалық принциптердің оңтайлы арақатынасын іске асыру;

- танымдық әрекетті дамыту үшін заттық-кеңістіктік орта жағдайларын қамтамасыз ету;

- балалардың әрекетін ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау;

- кіріктірілген байланыстарды орнату (әртүрлі әрекет түрлерінің, мазмұнның өзара байланысы);

- балалардың танымдық әрекетін ынталандыру және жандандыру (әдістер мен тәсілдер);

- ұоқ құру логикасы, бірыңғай мазмұн желісі;

- ұоқ эмоционалды компоненті (ұоқ басталуы мен аяқталуы әрдайым жоғары эмоционалды түрде өтеді);

- әр баланың өмірі мен жеке тәжірибесімен байланыс;

- балалардың өз бетінше білім алуы және олардың көлемін толықтыру дағдыларын дамыту.